

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті

Экономика және құқық институтының

Академиялық Сапа жөніндегі комитеті

отырысында қарастырылды

Хаттама №__7_ «_10_»__03____2024ж



**2023-2027 жылдарға арналған
7M04142«Есеп және аудит»**

**БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ
ДАМУ ЖОСПАРЫ**

Қызылорда, 2023ж.

**Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті КеАҚ-ның
7М04142 -Есеп және аудит БББ 2021-2027 жылдарға арналған
ДАМУ ЖОСПАРЫ**

1. Жалпы ережелер

7М04142–Есеп және аудит білім беру бағдарламасы 2020 жылдан бастап Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті КеАҚ-да табысты жұмыс жасайды және білім беру қызметтерін көрсетеді. Білім беру бағдарламасы барлық оқу кезеңіне арналған дәйекті курстардың жиынтығы ретінде әзірленген және «7М04142-Есеп және аудит» білім беру бағдарламасы бойынша « экономика ғылымдарының магистрі» дәрежесін беру үшін қажетті құзыреттерді игеруге бағытталған. 7М04142 –«Есеп және аудит» білім беру бағдарламасы өңірлік ерекшеліктің, ЖОО-ның ғылыми-практикалық әлеуетінің және бухгалтерлік және аудиторлық білім беруді дамытудың қазіргі заманғы үрдістерінің үйлесіміне негізделген нақты айқындалған даралығы мен бірегейлігіне ие.

Білім беру бағдарламасының даралығы мен бірегейлігінің негізгі ерекшеліктері:
Өңірлік бағыт және сұраныс:бағдарлама өңірдің жетекші салалары—аграрлық сектор, құрылыс, энергетика және шағын бизнес ерекшеліктерін ескере отырып, өңір экономикасы жағдайында есепке алу және аудит міндеттерін тиімді шеше алатын мамандарды даярлауға бағытталған.

Практикамен және бизнеспен ұштастырылуы: бағдарламаны дамыту шеңберінде жергілікті кәсіпорындармен, аудиторлық компаниялармен және салық органдарымен тұрақты әріптестік қатынастар іске асырылады, бұл мыналарды қамтамасыз етеді:

- нақты объектілерде практикадан және тағылымдамадан өту;
- түлектерді оқытуға және бағалауға практик мамандардың қатысуы;
- бірлескен зерттеу және қолданбалы жобаларды іске асыру.

Бухгалтерлік есеп пен аудитті цифрландыруға назар аудару: Бағдарламаға мамандықты цифрлық түрлендірудің заманауи трендін көрсететін пәндермен модульдер енгізілген: 1С, Excel Pro пайдалану; бухгалтерлік есеп пен ішкі бақылауды автоматтандыру негіздерін зерттеу; аудиттегі үлкен деректерді талдау дағдылары.

Ғылыми-зерттеу құзыреттілігін дамыту: магистранттар өңірлік және ұлттық гранттар шеңберінде зерттеу қызметіне тартылады, конференцияларға қатысады, ғылыми журналдарда мақалалары жарияланады, өңір ұйымдарының қаржылық есептілігін жақсарту бойынша кейстермен жұмыс жасайды.

Мазмұнның бейімділігі мен өзектілігі: оқу жоспары жыл сайын қайта қаралады:

- кәсіби стандарттардың талаптары;
- жұмыс берушілердің пікірлері;
- түлектердің пікірлері;
- халықаралық қаржылық есептілік және аудит стандарттарындағы өзгерістер(ХКЕС,ISA).

Университеттің ғылыми дәстүрлерін сақтау:Бағдарлама есеп және аудит саласында ғылыми және практикалық қызмет тәжірибесі бар кафедраның білікті профессорлық-оқытушылық құрамының тәжірибесіне негізделген. Осылайша, бағдарламаның даралығымен бірегейлігі оның практикалық бағдарлануымен, аймақтық ерекшелігімен, цифрлық дағдыларға баса назар аударуымен және кәсіби ортамен бейімделуі анықталады. 7М04142—«Есеп және аудит» білім беру бағдарламасы аймақтың адами капиталының тұрақты дамуы үшін стратегиялық маңыздылыққа ие.

Сәйкесінше, білім беру бағдарламасын дамыту жоспарының мақсаты цифрлық экономика жағдайында тиімді жұмыс істеуге, еңбек нарығының қазіргі заманғы талаптарына сәйкес келуге, сондай-ақ ғылыми зерттеулер жүргізуге және қаржы-экономикалық қызмет саласында негізделген басқару шешімдерін қабылдауға қабілетті есепке алу, аудит және қаржылық талдау саласында бәсекеге қабілетті кадрларды даярлауға ықпал ететін кешенді шаралар жүргізу болып табылады және бұл

университеттің сапаны қамтамасыз етудегі миссиясына, мақсаттары мен саясатына сәйкес келеді.

Білім беру бағдарламасының мақсатына сүйене отырып, бағдарлама магистранттарға арналған құзыреттілікке негізделген тәсіл аясында жасалған оқыту технологияларын ескере отырып әзірленді. Білім беру бағдарламасын қалыптастыруға ішкі және сыртқы стейкхолдерлер, әлеуметтік серіктестер мен жоғары оқу орнынан кейінгі білім алушылар, университеттің жетекші ғалымдары тартылды.

Білім беру бағдарламасының жоспарын әзірлеушілер: э.ғ.к. Айдосова Б.Х., э.ғ.к. Оралбаева А.К., э.ғ.к. Наурызбаев А.Ж., магистрант Пернебек Рауан, «G.Global group» ЖШС директоры Таңатова Г.Я.

2021–2025 жылдарға арналған білім беру бағдарламасын дамыту жоспары төмендегі негізгі нормативтік құқықтық актілер мен бағдарламалық құжаттарға негізделген:

1. Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30 тамыздағы Конституциясы;
2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысымен бекітілген 2020–2025 жылдарға арналған білім мен ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасы;
3. 2007 ғы 27 шілдедегі №319-III Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңы;
4. 2011 жылғы 18 ақпандағы №407-IV Қазақстан Республикасының "Ғылым туралы" Заңы;
5. 2015 жылғы 31 қазандағы №381-V ҚРЗ Қазақстан Республикасының "Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру туралы" Заңы;
6. Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым Министрлігінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 бұйрығымен бекітілген кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу үдерісін ұйымдастыру қағидалары (12.10.2018 ж. №563 өзгерістерімен);
7. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 31 қазандағы №17657 қаулысымен бекітілген тиісті типтегі білім беру ұйымдарының қызметінің үлгілік қағидалары;
8. "Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті" КЕАҚ 2021–2025 жылдарға арналған стратегиялық даму жоспары.

2. Еңбек нарығы мен білім беру қызметтерін дамытудың ағымдағы жағдайы мен үрдістеріне талдау.

Бірінші бағыт. Білім беру қызметі.

Білім беру бағдарламасы бойынша білім алушылар ғылыми зерттеулер мен практикалық қызмет саласында терең білім алуға мүмкіндік алады. Бұл үшін 7M04142 – «Есеп және аудит» білім беру бағдарламасы заманауи техникалық оқыту құралдарымен жабдықталған дәрісханалар қорына, арнайы оқу кабинеттеріне (401, 518, 520) ие. Пайдаланылатын жалпы оқу алаңы санитарлық және өрт қауіпсіздігі нормаларына сәйкес келеді.

Сабақтарда инновациялық және интерактивті оқыту әдістері кеңінен қолданылады, магистранттардың ғылыми-зерттеу жұмыстарына және шығармашылық байқауларға қатысуы қамтамасыз етіледі. Ғылыми-зерттеу тақырыптары бойынша дәрістер мен ғылыми-әдістемелік семинарлар өткізу үшін шетелдік ғалымдар шақырылады. Жыл сайын білім беру бағдарламалары мен элективті пәндер каталогының мазмұны әлеуметтік серіктестер мен әлеуетті жұмыс берушілер тарапынан тұрақты түрде рецензияланады.

7M04142 – «Есеп және аудит» білім беру бағдарламасының басым жақтары:

- Инновациялық оқыту әдістерін тұрақты түрде пайдалану;
- Білім беру бағдарламасы түлектерінің еңбек нарығында, аймақтық және республикалық деңгейде сұранысқа ие болуы;
- Шетелдік серіктес университеттерде бірлескен бағдарламалар бойынша оқуды жалғастыру мүмкіндігі;
- Дарынды жастарды түрлі деңгейде қолдаудың кең мүмкіндіктері.

Сонымен қатар, білім беру қызметінің стратегиялық дамуы үшін келесі мәселелерді шешу қажет:

- Білім беру бағдарламасына шетелдік студенттерді тарту;
- ОПҚ-ның шетел тілдерін меңгеру деңгейінің төмендігі;
- Жаңа оқу кабинеттерін ашу, оның ішінде әлеуметтік серіктестер мен басқа стейкхолдерлерді тарту арқылы.

Екінші бағыт. Ғылыми-зерттеу қызметі

Университеттегі ғылыми-зерттеу және инновациялық жұмыс Қазақстан Республикасының ғылыми қызметті реттеу саласындағы заңнамасына, сондай-ақ университеттің ғылыми жұмысты ұйымдастыру жөніндегі ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес жүргізіледі. Білім беру бағдарламасы бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарының орындаушылары – профессор-оқытушылар құрамы (ПОҚ) және магистранттар. Ғылыми-зерттеу жұмыстары жарияланған ғылыми еңбектерде, конференциялар мен дөңгелек үстелдердің нәтижелерінде көрініс табады.

Ғылыми зерттеулер сапасының артуы, ғылыми қызмет нәтижелерін коммерцияландыру мүмкіндіктерін іздеу, ПОҚ пен білім алушылардың ғылыми белсенділігінің өсуі жағымды серпін алғанымен, келесі өзекті мәселелер сақталып отыр:

- ғылымға дарынды жастар мен жоғары білікті мамандарды тарту және ұстап қалу мәселесі өзекті күйінде қалып отыр;
- қазіргі заманғы зерттеу дағдыларының жеткіліксіздігі, шетел тілін меңгерудің төмен деңгейі ғылыми зерттеу нәтижелерін халықаралық ғылыми кеңістікке толыққанды шығаруға кедергі келтіреді;
- ғылым, білім және өндіріс арасындағы байланыстың әлсіздігі, ғылыми зерттеу нәтижелерін өндіріске енгізудің төмен деңгейі байқалады.

Үшінші бағыт. Тәрбие жұмысы

Мемлекет пен жоғары оқу орнының басым міндеті – білім алушылардың интеллектуалдық, рухани-адамгершілік дамуы үшін жағдай жасау. Білім алушылардың шығармашылық қызметке тартылу деңгейін бағалау – тәрбие жұмысын ұйымдастыру тиімділігінің басым көрсеткіші болып табылады.

Алайда, кейбір мәселелерді жақсарту қажет:

- білім алушылардың республикалық және халықаралық пәндік олимпиадаларға қатысуының төмендігі.

Төртінші бағыт. Халықаралық қызмет

Университет басшылығы жыл сайын халықаралық ынтымақтастық аясын кеңейтіп, магистранттардың шетелдік жоғары оқу орындарында ғылыми тағылымдамадан өтуі үшін жаңа мүмкіндіктер іздеуде.

Бұл бағытта бірқатар жетістіктерге қол жеткізілгенімен, келесі мәселелер шешуді талап етеді:

- білім беру бағдарламасы бойынша білім алушылар мен ПОҚ-тың шетел тілін жеткіліксіз меңгеруі академиялық ұтқырлықты жүзеге асыруға кедергі келтіруде;
- білім алушылардың академиялық ұтқырлық бағдарламаларын дамыту үшін қаржыландырудың жеткіліксіздігі.

Бесінші бағыт. Білім беру бағдарламасын ресурстық қамтамасыз ету

Білім беру бағдарламасының (БББ) ерекшелігі мен бірегейлігі – қазіргі заман талаптарына сәйкес жақсы материалдық-техникалық базаның болуы. Бұл – арнайы жабдықталған кабинеттер мен ІС Бухгалтерия зертханасының болуы.

Оқу корпусы қажетті аудиториялармен толық жабдықталған, олардың көбісі проекторлармен және интерактивті тақталармен қамтылған, бұл оқытушыларға оқу үдерісін сапалы өткізуге кең мүмкіндіктер береді. Кредиттік оқыту технологиясы аясында білім алушылардың барлық пәндерді толық меңгеруіне және мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт (МЖМБС) талаптарына сай академиялық дәреже алуына қолайлы жағдай жасалған. Университет заманауи ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылыммен (кең жолақты интернет, электрондық кітапхана) қамтамасыз етілген,

бұл оқу үдерісін жеделдетуге және ғылыми зерттеу жұмыстарын тиімді жүргізуге септігін тигізеді.

БББ-ның басым жақтары:

- оқу үдерісінде қолданылатын сапалы материалдық-техникалық база;
- қосымша құзыреттер қалыптастыруға мүмкіндік беретін арнайы кабинеттер мен зертханалардың болуы.

БББ-ны дамыту жоспарының бағыттары, мақсаты, міндеттері, күтілетін нәтижелері, мақсатты индикаторлары және іске асыру шаралары

БББ-ны дамыту жоспарының стратегиялық бағыттары:

1. Академиялық және ғылыми-зерттеу қызметін күшейту: (халықаралық журналдардағы жарияланым белсенділігін арттыру, гранттар мен жобаларға қатысуды жандандыру, магистранттарды бірлескен зерттеулерге тарту);

2. Бизнестің, мемлекеттік органдардың және кәсіби ұйымдардың серіктестігі: (аудиторлармен, консалтингтік фирмалармен, мемлекеттік органдармен өзара тиімді байланыстар орнату, тағылымдамалар мен тәжірибелерді ұйымдастыру, бірлескен жобалар);

3. Халықаралық интеграция және сыртқы академиялық ұтқырлық: (шетелдік магистранттар мен оқытушыларды тарту, халықаралық алмасу бағдарламаларына қатысу, қос дипломдық бағдарламалар);

4. Университеттің халықаралық қызметінің тартымдылығын арттыру және жаңғырту.

Білім беру бағдарламасын дамытудың мақсаты:

7M04142 – «Есеп және аудит» білім беру бағдарламасының мақсаты – терең теориялық білімге және бухгалтерлік есеп, қаржылық талдау мен аудит саласындағы практикалық дағдыларға ие, қазіргі заманғы басқарушылық есеп пен аудит әдістерін әзірлей және енгізе алатын, ғылыми зерттеулер жүргізуге, ЖОО-да сабақ беруге қабілетті, еңбек нарығы талаптарына сай кәсіби қызметті жүзеге асыра алатын жоғары білікті магистрлерді даярлау.

Негізгі міндеттер:

- еңбек нарығының сұранысына сай жоғары білімді кадрларды даярлау;
- практикалық бағыттағы оқытуды қамтамасыз ету;
- білім алушыларды ғылыми-зерттеу жұмыстарына тарту және олардың нәтижелерін жариялау;
- ғылыми нәтижелердің коммерциялық әлеуетін арттыру мақсатында ПОҚ-тың жарияланым белсенділігін арттыру;
- білім алушылардың ғылыми және шығармашылық байқауларға қатысу үлесін арттыру;
- ПОҚ-тың цифрлық технологиялар, тілдік құзыреттер және жаңа оқыту әдістері бойынша біліктілігін арттыру;
- білім алушыларды университет пен өңірдегі қоғамдық ұйымдарға тарту.

Негізгі нақты міндеттер:

1. Оқу пәндерінің мазмұнын жаңарту және өзектендіру:

Халықаралық стандарттарды (ҚЕХС, АХС) оқу модульдеріне енгізу және цифрлық технологиялар (финтех, блокчейн, деректерді талдау) бойынша курстар қосу, жұмыс берушілер мен кәсіби нарықтың талаптарын ескере отырып, силлабустарды қайта қарау.

2. Профессор оқытушы құрамының сапасын арттыру:

Практикалық тәжірибесі бар оқытушыларды (аудиторлар, қаржылық сарапшылар) тарту, оқытушылардың біліктілігін арттыру, ғылыми жобаларға, конференцияларға, жарияланымдарға қатысуға жағдай жасау.

3. Ғылыми-зерттеу жұмысы мен жарияланым белсенділігін дамыту:

Өндірістің өзекті мәселелерін зерттеу тақырыптарына енгізу, магистранттар мен оқытушылардың рецензияланған журналдардағы жарияланымдарын ынталандыру,

практиктермен және серіктестермен (аудиторлық, консалтингтік компаниялар) ынтымақтастық орнату.

4.Тәжірибе мен жұмыс берушілермен өзара іс-қимылды интеграциялау:

Нақты кәсіпорындармен тағылымдамалар, тәжірибелер, жобалар ұйымдастыру, жұмыс берушілерді оқу мазмұнын қалыптастыруға, қонақ дәрістерге, магистрлік жобаларға тарту, түлектердің жұмысқа орналасуын мониторингтеу.

5. Оқу үдерісі мен оқыту әдістерін жетілдіру:

Кейс әдістері, жобалық оқыту, симуляциялар сияқты интерактивті әдістерді енгізу, аралас және қашықтықтан оқыту формаларын қолдану, сапалы бағалау жүйесін әзірлеу және енгізу (қалыптастырушы және қорытынды бағалау, портфолио, өзіндік бағалау).

6.Инфрақұрылым мен ресурстық базаны нығайту:

Заманауи бағдарламалық құралдарға (талдау бағдарламалары, деректер базасы, статистикалық пакеттер) қолжетімділікті кеңейту, кітапхана мен электрондық ресурстарды жаңарту, ғылыми журналдарға жазылымды қамтамасыз ету, аудиториялар мен компьютерлік сыныптарды жаңарту.

7.Халықаралық интеграция және бағдарламаны алға жылжыту:

Шетелдік ЖОО-лармен серіктестік орнату, студенттер мен оқытушылар алмасу, халықаралық бухгалтерлер мен аудиторлар қауымдастықтарына қосылу, шетелдік тыңдаушыларды тарту, халықаралық деңгейде зерттеулерді жариялау.

8. Шетелдік мамандарды тарту:

Дүниежүзілік жетекші университеттердің шетелдік оқытушыларын тарту, білім беру және зерттеу жұмыстарына қатыстыру, ұзақ мерзімді келісімшарттарға басымдық беру.

9. Білім беру бағдарламасының тұрақты дамуы мен бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету:

Бағдарламаның имиджін қалыптастыру, талапкерлер арасында танымал ету, салалық бағыттарды анықтау (мемлекеттік аудит, экологиялық аудит, цифрлық аудит), қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету, гранттар мен сыртқы қаржыландыру көздерін тарту.

Күтілетін нәтижелер:

- Бітірушілердің кәсіби даярлық сапасына ішкі және сыртқы стейкхолдерлердің қанағаттанушылық деңгейінің артуы;
- Магистратураны аяқтағаннан кейінгі бірінші жылы кемінде 80% түлектің табысты жұмысқа орналасуы;
- ПОҚ-тың Web of Science (Clarivate Analytics), Scopus (Elsevier) және басқа да платформалардағы жарияланымдарының үлесін арттыру;
- ПОҚ-тың тілдік құзыреттер мен цифрлық технологиялар бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өту үлесін көбейту;
- Еңбек нарығының заманауи талаптарына сай білім алушылардың білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыратын білім беру ортасын құру;
- Білім алушылардың университеттің қоғамдық өміріне белсенді қатысуын қамтамасыз ету және олардың кәсіби даярлық деңгейін арттыру.

7М04142 – «Есеп және аудит» білім беру бағдарламасының мақсатты индикаторлары және оларды іске асыру шаралары (2021–2027 жж.)

№	Мақсатты индикатор	Өл- шем бірлігі	2021	2022	2023	2024	2025	2026	2027
Академиялық қызмет									
1	БББ мазмұнын қарау, элективті және тәжірибеге бағытталған пәндерді анықтау	%	80	85	86	90	97	90	95
2	БББ-ны ірі компаниялар, ұлттық компаниялар, мемлекеттік органдар, қауымдастықтар және жұмыс берушілердің қатысуымен әзірлеу	%	100	100	100	100	100	100	100
3	Еңбек нарығының талаптарына сәйкес БББ жаңарту	%	-	30	30	30	30	-	30
4	Практиктерді БББ-ны жүзеге асыруға тарту	саны	1	1	1	2	2	2	3
5	Жұмыс берушілермен БББ мазмұнын талқылау бойынша дөңгелек үстелдер өткізу	саны	2	3	3	2	2	2	3
6	БББ тұрақтылығына әсер ететін тәуекелдерді анықтау: - талапкерлер санының әсері; - басқа факторлардың әсері	%	30/17/ 13	30/1 8/12	30/1 7/13	30/1 7/13	30/17/ 13	30/18/ 12	30/18/ 12
7	Инновацияларды басқару механизмі, оқу және оқудан тыс қызмет түрлерін енгізу: - Біліктілікті арттырған ПОҚ саны - Есеп процесіне цифрлық технологияларды енгізу - Өртүрлі салалардағы цифрлық технологиялармен танысу	саны	5/ 1 / 1	5/1/1	6/1/1	6/1/1	8/1/1	6/1/2	6/2/ 2

8	Оқытушылардың академиялық ұтқырлығы: - ішкі - сыртқы	саны	–	1	2/1	3/1	4/1	1/1	2/2
9	Бітірушілердің жұмыспен қамтылу үлесі (оқуды аяқтағаннан кейінгі бірінші жылы)	%	–	100	100	–	100	100	100
10	Университет түлектерінің білім беру қызметінің сапасын бағалауға қатысу үлесі	%	60	61	61	62	62	63	63
11	Жұмыс берушілермен кездесулер, тәжірибе және ғылыми тағылымдамалар базасын қалыптастыру	саны	–	2	2	2	2	2	3
12	Аудиторияларды заманауи есепке алу және есеп беру техникаларымен жабдықтау	теңге	7 млн	–	–	12 млн	–	–	15 млн
13	Магистранттардың жұмыспен қамтылуын мониторингілеу	%	–	–	100	100	100	100	100
14	Бухгалтерлік және қаржылық сала қызметкерлерін магистратураға тарту бойынша кәсіби бағдар беру жұмысы	саны	–	5	5	5	5	5	6
15	БББ шеңберінде инновациялық ұсыныстарды енгізу механизмін талдау және анықтау	саны	–	–	–	1	1	1	1

№	Мақсатты Индикатор	Өлшем бірлігі	2021	2022	2023	2024	2025	2026	2027
Ғылыми-зерттеу және халықаралық қызмет									
1	Білім беру және зерттеу жобаларына қатысатын ПОҚ саны	саны	1	1	3	3	3	4	5
2	Негізгі және қолданбалы зерттеулерге қатысатын ПОҚ саны	саны	1	1	1	2	2	2	2

3	Clarivate/Scopus базаларындағы рейтингтік басылымдарда жарияланымдар саны	дана	4	–	2	2	1	3	3
4	Халықаралық серіктестік аясында жүргізілетін ҒЗЖ саны	дана	–	–	–	–	–	1	1
5	ҚР БҒЖМК ұсынған журналдардағы жарияланымдар саны	дана	5	2	8	8	10	12	12
6	Білім алушылардың ғылыми жарияланымдары	дана	6	6	5	6	7	5	5
7	Ғылыми зерттеулер мен байқауларға қатысатын магистранттар саны	дана	4	1	2	–	2	2	2
8	Халықаралық олимпиадаларға қатысатын магистранттар саны	дана	2	1	2	–	2	2	2

№	Іс-шаралар	Өлшем бірлігі	2021	2022	2023	2024	2025	2026	2027
Материалдық-техникалық база									
1	Компьютерлік паркті жаңарту (компьютерлер)	дана (теңге)	220 дана (66 939 980 тг)	440 дана (16 488 640 тг)	116 (7 984 320 тг)	115	20	–	15 млн
2	Бағдарламалық қамтамасыз ету (Platonus, Антиплагиат және т.б.)	дана	3 (10 477 571 тг)	–	–	3	3	3	3
3	Лабораториялық құрал-жабдықтар (моноблок)	дана	5 (3 225 000 тг)	5 (29 920 800 тг)	–	115	16	12	15
4	Кітапхана қорын толықтыру	дана (теңге)	32 (12 561 471 тг)	45 (28 131 600 тг)	–	15	17	17	

3. Тәуекелдерді басқару

Білім беру бағдарламасы (БББ) мақсатқа жетуге кедергі келтіретін бірнеше тәуекелдермен кездесуі мүмкін. Төменде мақсатқа жетуге әсер ететін тәуекелдер мен оларды басқару шаралары келтірілген:

Мақсатқа жетуге әсер ететін тәуекелдер	Тәуекелдерді басқару шаралары
Оқу қызметтері нарығындағы бәсекелестіктің жоғарылауы, жақын мамандықтар бойынша басқа жоғары оқу орындарынан	-Белсенді маркетингтік науқандар жүргізу (презентациялар, профильдік форумдар, қоғамдық іс-шаралар) -Магистратура бағдарламаларымен байланысты нығайту (семплинг, бірлескен курстар)

	-Қазіргі еңбек нарығы талаптарына сай және жасөспірімдерге тартымды білім бағдарламаларын әзірлеу және ілгерілету -Қазақстанның барлық өңірлеріндегі мектеп және колледж түлектері арасында белсенді мамандық тандау жұмыстары жүргізу, университеттің презентацияларын ұйымдастыру және өңірде оқу мен өмір сүрудің артықшылықтарын көрсету -Талантты студенттерге қосымша материалдық қолдау түрлерін ұсыну -Сапалы әрі ыңғайлы оқу жағдайларын жасау, жатақханалар мен басқа инфрақұрылым объектілерінің қолжетімділігі мен жайлылығын қамтамасыз ету -Өңірдің жұмыс берушілерімен ынтымақтастық орнатып, түлектердің жергілікті жұмысқа орналасуын қамтамасыз ету, сондай-ақ жетекші компанияларда тағылымдама және зерттеу тәжірибелерін ұйымдастыру
Инновациялық оқу бағдарламаларын уақытында әзірлеу	-Отандық және шетелдік жоғары оқу орындарының оқу бағдарламаларын тұрақты бенчмаркинг жүргізу -Есеп және аудит саласындағы цифрлық трансформация модульдерін енгізумен байланысты инновациялық оқу бағдарламаларының мазмұнын әзірлеу және жүйелі жаңарту -Сыртқы сарапшыларды тарта отырып, оқу бағдарламасының сапасын тұрақты бағалау жүйесін енгізу - Оқу бағдарламасы негізінде университетішілік стартаптарды дамытуға және магистранттардың хакатондар мен гранттық байқауларға қатысуын ынталандыруға бағытталған оқытушылар мен студенттерден құралған жобалық командаларды құру
Берілетін білімнің өзектілігінің төмендеуі	-Оқу процесінде және білім беру қызметін жүзеге асыру барысында негізгі, салалық және арнайы білімдер, дағдылар мен қабілеттерді тиімді жеткізудің жолдарын табу -Оқытушылардың біліктілігін тұрақты түрде көтеру (конференцияларға, семинарларға қатысу, шетелдік жоғары оқу орындарымен тәжірибе алмасу) -Практика мен зерттеулерді біріктіру, яғни нақты жағдайларға байланысты тапсырмалар мен жобаларды беру, заманауи тақырыптар бойынша ғылыми жұмыстарды ынталандыру
ПОҚ және қызметкерлердің «жалған» журналдарда ғылыми мақалаларын жариялауы	-«Жалған» журналдарда жариялаудан аулақ болу үшін журналды тандау кезінде әртүрлі тексеру критерийлерін қолдану -ҚР БЖҒМК бекіткен Scopus, Web of Science және басқа журналдардан тұратын ішкі ұсынылатын журналдар тізімін жасау -ПОҚ-н академиялық жариялау этикасы мәселелері бойынша оқыту

Университет ғалымдарының ғылыми жобаларының төмен сараптамалық бағалануы	-Ғылыми жобалардың мұқият ішкі сараптамасын ұйымдастыру (Ғылыми жобалар магистратураның негізгі элементі) және оқыту семинарларын өткізу -Ғылыми зерттеулер методологиясы, өтінімдер мен мақалаларды жазу бойынша тұрақты семинарлар мен тренингтер ұйымдастыру -Жоғары бағаланған жобалар мен Q1–Q3 журналдардағы жарияланымдар үшін оқытушыларды ынталандыру -Сәтті өтінімдердің базасын құру (мысалдар кітапханасы), жобалардың сапасын бақылау және ғылыми қызметтің KPI-ін енгізу
Кәсіпорындар мен бизнес құрылымдарының ғылыми өнімдерді коммерцияландыруға қызығушылығының төмендігі	-Өз ғылыми зерттеулерін және ғылыми мектептерін дамыту; бизнес құрылымдарымен ынтымақтастықты нығайту және серіктестік бағдарламаларын құру - Оқу бағдарламасы жанында жұмыс берушілер кеңесін құру, бизнес өкілдерін бағдарлама мазмұнын, соның ішінде коммерциялық әлеуеті бар ғылыми тақырыптарды әзірлеу мен жаңартуға тарту -Бизнес форумдары, дөңгелек үстелдер және диалог алаңдарын өткізу, бизнеске қатысты өзекті мәселелерді анықтау, оларды магистранттар мен оқытушылардың ғылыми жобаларымен шешу -Ғылыми-зерттеу жұмыстарын коммерцияландыру мен стартап мәдениеті бойынша пәндер мен тренингтер енгізу, магистранттардың кәсіпкерлік, инновацияларды басқару және бизнес-модельдеу саласындағы құзыреттерін арттыру -Магистранттардың компанияларда тағылымдамасы бағдарламасын жүзеге асыру, есеп, аудит және талдау саласындағы нақты мәселелерді шешуге магистранттарды тарту - Аймақтық бизнес құрылымдарымен меморандумдарға қол қою, әсіресе қаржы, аудит, бухгалтерия және консалтинг салаларындағы жергілікті компаниялармен ынтымақтастықты формализациялау
Материалдық-техникалық базаның техникалық сипаттамаларының төмендеуі	-Материалдық-техникалық базаны үздіксіз жаңарту, білім беру қызметінің негізгі факторы ретінде -Оқу бағдарламасының материалдық-техникалық базасын аудиттен өткізу -Құрылғылар мен бағдарламалық қамтамасыз етуді жаңғырту жоспарын әзірлеу, оқу процесіне жаңа технологияларды кезең-кезеңімен енгізу -Жаңартуларды қаржыландыру үшін бюджеттік емес қаражаттарды тарту және жұмыс берушілермен ынтымақтастық

БББ дамытудың іске асырылу тетіктері

Білім беру бағдарламасын (БББ) дамыту жоспарын әзірлеу нақты қойылған міндеттерді шешу арқылы мақсатқа жетуге бағытталған іс-шараларды кешенді түрде жүзеге асыруды қамтамасыз етеді және жоспарланған іс-шаралардың толық орындалуына ықпал етеді.

Оқу жылының соңында, БББ кеңесінің отырысында 7М04142 «Есеп және аудит» білім беру бағдарламасы бойынша мониторинг өткізіледі. Бұл мониторингке барлық мүдделі тараптар қатысып, қол жеткізілген нәтижелер, жүзеге асырудың тиімділігі мен нәтижелілігі талқыланады. Нысаналы индикаторларға қол жеткізуге жасалған талдау кафедра отырысында жетекші профессор-оқытушылар құрамы мен басқа да мүдделі тұлғалардың қатысуымен қарастырылады.

Мониторинг нәтижелері институттың сапа жөніндегі Академиялық кеңесінде талқылауға шығарылады. Мониторинг нәтижелерін талдау негізінде БББ дамыту жоспарына түзетулер енгізіледі.

Дамыту жоспарының орындалуына мониторинг жасау даму көрсеткіштерінің бағыттары бойынша ақпаратты талдау және қорыту арқылы жүзеге асырылады. Мониторинг қорытындылары бойынша 7М04142 «Есеп және аудит» БББ басшылығы даму жоспарын іске асыру туралы қорытынды дайындайды.

Қорытынды еркін формада жасалып, Институт директорына жолданады және университеттің даму стратегиясын бағалау үшін стратегиялық көрсеткіштер мен нәтижелер шеңберіндегі жылдық есепті жасауға негіз болып табылады.

БББ дамыту жоспарын әзірлеу, мониторинг жасау және іске асыру үдерістері ашықтық пен айқындық қағидаттарына негізделуі тиіс. БББ дамыту жоспары университеттің ресми сайтында орналастырылады.

5. БББ дамыту жоспарын қаржыландыру

2023–2027 жылдарға арналған 7М04142 «Есеп және аудит» білім беру бағдарламасының даму жоспарын іске асыруды қаржыландыру университет қаражаты есебінен, сондай-ақ мемлекеттік және басқа да қаржыландыру көздерін тарту арқылы жүзеге асырылады. Негізгі және ағымдағы шығындар қарастырылған.

Қаржы, есеп және аудит

Білім беру бағдарламаларының жетекшісі:



А.К. Оралбаева